

Г.Б.Бейсенбекова * 

*Пед. ғылым. канд., қауымдастырылған профессор
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан
gulmira.beysenbekova@mail.ru*

А.Т.Нұрсейт 

*Докторант
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Г.Н.Манашова 

*пед.ғылым.маг., аға оқытушы
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

А.К.Буртибаева 

*пед.ғылым.маг., аға оқытушы
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Аңдатпа.** Жалпы білім беру кеңістігінде инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен оларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету өзекті мәселе ретінде қаралып отыр. Мақаланың мақсаты инклюзивті білім беру жағдайында балалардың тұлғалық сапаларын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін талдау. Нақты мәліметтерге сүйенсек, арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет ететін балаларды мемлекеттік білім беру тапсырысы арқылы жүзеге асыру туралы норма қабылданды. Алайда, осы санаттағы балалардың тұлғалық сапаларын қалыптастыру жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының ережелеріне сәйкес жүйе арқылы іске асыруға болатындығы дәйектелді. Бұндай балалар уақытша қиындықтарды басынан өткеруі де мүмкін екені айтылады. Авторлар ғылыми деректерді талдау арқылы осы типтегі балалардың тұлғалық дамуын және олардың тұлғалық сапаларын сипаттайды.*

***Тірек сөздер:** инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, тұлға, сапа, тұлғалық сапалар, жеке әмбебап оқу іс-әрекеттері*

Кіріспе. Соңғы жылдары біздің елімізде және шетелде физикалық және психикалық дамуында ауытқулары бар балалар яғни, ЕБҚ балалардың санының тұрақты өсу тенденциясы байқалды. Осы санаттағы балаларды оқыту үшін инклюзивті білім беру әлеуметтік өмірдің жаңа парадигмасын, әлеуметтік құрылымды белгілейді. Инклюзия әлеуметтік институттарды түбегейлі өзгертуді талап етеді. Инклюзия идеясы адамның

құқығын, тұлғалық қасиетін, жеке басын, өзіне тән мәртебесін анықтауды қамтамасыз етуге әсер ететін әлеуметтік және мәдени үдерістің тетіктерін түсіну аясында пайда болды. Бүгінгі таңда біздің қоғам қоғамдық санадағы аралас бастапқы парадигманы ауыстырумен айналысуы керек, бұл сұрақтың оң шешімін беру үшін келесідей мәселені ойластыру қажет. Мәселен, ерекше білім алуды қажет ететін балаларды инклюзивті білім беру

жағдайына дайындау, бейімдеу, тұлғалық сапаларын қалыптастыру.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында инклюзивті практиканы дамытудың ең маңызды кезі "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау болды. Заңда бұндай балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысын жүзеге асыратын норманы қабылдауы белгіленгені бізге мәлім [1]. Бұл балалардың даму ерекшеліктеріне, мінез-құлық және эмоциялық проблемаларына, орталық факторларына (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени) тиесілі деңгейде білім алуына тұрақты немесе уақытша қиындықтарды басынан кешетін жеке тұлға (бала) жатады делінген.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тұлғалық сапаларының қалыптасуындағы дамудың тапшылығы, бұрмалануы немесе кешіктірілуі жағдайы байқалады. Осыған орай, бұл мәселені талдау қажеттілігі өзекті болып табылады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Тақырыпты зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізінде осы типтегі балалардың тұлғалық дамуы мен тұлғалық сапаларын талдау үшін шетел және отандық ғалымдардың жүргізген іргелі зерттеулерінің тұжырымдары басшылыққа алынды. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми дерек көздерін талдау, салыстыру, нақтылау сияқты жалпы ғылыми зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Семаго М.М., Семаго Н.Я. анықтамасына сәйкес "Инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуына қолжетімділікті қамтамасыз ететін барлық

балалардың әртүрлі қажеттіліктеріне бейімделу тұрғысынан барлығы үшін білімнің қолжетімділігін білдіретін жалпы білімді дамыту процесі" [2]. ЕБҚ балалар құрамы бойынша гетерогенді топ болып табылады, өйткені оған әртүрлі (психикалық немесе физикалық) бұзылулары бар балалар кіреді. Оның ішінде, есту, көру функциялары бұзылған, сөйлеу қабілеті бұзылған, тірек-қимыл аппараты бұзылған, интеллектуалдық кемістігі бар, психикалық дамуы тежелген және т.б. балаларды жатқызамыз.

Олар үшін ерекше қиындық - мемлекеттік-қоғамдық қатынастардың құқықтық кеңістігінде бағдарлану, әлеуметтік-сыни ойлау негіздерін қалыптастыру, өзін-өзі таныту және өзін-өзі бағалау қажеттілігінен құрылады. Көбінесе мұндай балалар өздерін құрдастарынан ерекшеленетінін түсінеді яғни, өз кезегінде олардың көптеген кешендерінің пайда болуына ықпал етеді және де мотивацияны төмендетеді. Бұндай балалардың психологиясына сүйенсек, олар тез шаршайды немесе ашуланшақ, енжар, тапсырманы орындауға әрең көңіл бөледі. Сәтсіздіктер кезінде олар қызығушылықты тез жоғалтады, орындаудан бас тартады. Бала қобалжи бастайды, әбігерленеді, қатты қимылдайды немесе күледі. Сондай –ақ бұл санаттағы балалардың өзін-өзі бағалауы да әсер етеді. Олардың көпшілігінде өзін - өзі бағалау төмен, оның едәуір аз бөлігі бар, бірақ өзін-өзі бағалау да жоғары (С.В.Алехина, В.К.Зарецкий және т.б.) болып келеді. Өз күштерін, қабілеттерін, қоғамдағы жағдайын асыра бағалау және бағаламау мұндай балаларда дені сау балаларға қарағанда жиі кездеседі. А.Воронецка-Боровска тұжырымына сүйенсек, мұндай баланың жеке басының дамуын қарастыра отырып, екі жолды "Өзіндік Мені" - дефект - жеке ерекшеліктері мен жақын ортасы - дефект - "Өзіндік Мені" – дефект - жеке ерекшеліктерін байқауға болады [3].

Әр қилы зерттеулерде осы санатқа жататын балаларды оқыту нақты өмірлік мақсаттармен байланыстыра отырып, оны мағыналы етуге көмектесу үшін қоғамның құндылықтарын түсінуге және қабылдауға, адамгершілік нормалары мен ережелерін дұрыс басқаруға үйрету; олардың қиындықтарды мойындауы және оларды жеңуге ұмтылуға; денсаулығын сақтауға және нығайтуға; қоршаған әлемге қатысты өзінің азаматтық ұстанымын дамытуға ықпал ету керек. Сонымен бірге психиканың дамуы және әлеуметтік тәжірибені игерген бала тұлғасын, тұлғалық сапаларын қалыптастыру автоматты түрде емес, оқу мен тәрбие үдерісінде қоршаған ортамен белсенді өзара әрекеттесу арқылы жүргізіп, осы үдеріске ықпал ететін негізгі фактор ретінде инклюзия әдісін пайдалану қажет.

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Жалпы оларға тән белгілерді бөліп көрсету үшін индикаторларды, атап айтқанда белгілі бір ақауды ескеруге тиіспіз, өйткені ол оның кейінгі өмірі мен іс-әрекетін анықтайды. Л.С.Выготскийдің айтуынша: ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жан-жақты әлеуметтік маңызды тәжірибеге қосу қажеттілігі тұр". Оған психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді қажет ететін ерекше балалар жатады.

Осы мәселені шешуге, олармен арнайы практикалық жұмыс істеу принциптерін анықтауға Н.П.Вайзман, Л.С.Выготский, И.И.Мамайчук, С.Я.Рубенштейн, Е.И.Холостова сияқты көптеген отандық ғалымдар өз үлестерін қосты [4].

Қазіргі білім беру мазмұны өзгерістерге толы болып отыр. Білім берудің жаңа сапасына қол жеткізуге бағытталған, десек онда осы кездегі білім алушы тек пассивті тұтынушы ғана емес, оның белсенді субъектісі болып саналады.

Ерекше балалардың тұлғалық сапаларын қалыптастыру жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының ережелеріне сәйкес жүйе арқылы жүзеге

асырылады пәннен тыс және метапәндік сипаттағы тұлғалық әмбебап оқу іс-әрекеттерін, даму мен өзін-өзі дамытудың тұтастығын қамтамасыз ететін жеке тұлғаны; білім беру процесінің барлық сатыларының сабақтастығын, оқушы баланың кез-келген іс-әрекетін оның арнайы-пәндік мазмұнына қарамастан ұйымдастыруға және реттеуге негіз болатын, әр кезеңдегі оқу мазмұнын меңгеруді және оқушы баланың психологиялық қабілеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Жеке әмбебап оқу іс-әрекеттеріне мыналар: оқуға, танымдық іс-әрекетке оң көзқарас, жаңа білім алуға, дағдыларды игеруге, бар білімдерін жетілдіруге, өз қиындықтарын сезінуге және оларды жеңуге ұмтылуға, іс-әрекеттің жаңа түрлерін игеруге, шығармашылық үдеріске қатысуға деген ұмтылысы; өзін жеке тұлға ретінде сонымен бірге, қоғамның мүшесі ретінде жалпы қабылданған моральдық тұрғыдан этикалық нормаларды тануы, өз іс-әрекеттерін, өзін-өзі бағалау қабілеті; өзін азамат ретінде, сұлулыққа ұмтылуы, қоршаған орта мен денсаулықты сақтауға дайын болуы жатады.

Жалпы әмбебап оқу іс-әрекеті 3 блокқа бөлінеді:

- 1) өзін-өзі анықтау;
- 2) білім балудың маңыздылығын түсіну;
- 3) адамгершілік- этикалық бағалау.

Жеке әмбебап оқу іс-әрекетті баланың құндылық бағдарларының жүйесін, оның қоршаған әлемнің әртүрлі аспектілеріне қатынасын көрсетеді. Олар балалардың моральдық нормаларды білуін; іс-әрекеттер мен оқиғаларды қабылданған этикалық принциптермен байланыстыра білуді; адамгершілікті, мінез-құлық аспектісін; әлеуметтік рөлдер мен тұлғааралық қатынастардағы бағдарды ажырата білуді қамтиды.

Психологиядағы "Тұлға" ұғымына теориялық талдауларды бір қатар психологтер оның ішінде. Б.Г.Ананьев; А.Г.Ковалев,

Б.Ф.Ломов; В.Н.Мясищев, С.Л.Рубинштейн, Д. Н.Узнадзе және т. б жүргізді.

Отандық және шетелдік ғылымда ерекше балалардың тұлғасы құрылымын зерттеумен бірқатар ғалымдар айналысқан: Л.С.Выготский, А.Р.Лурия, В.И.Лубовский, А.И.Соколянский, Ф.Ф.Рау, С.А. Зыкова, А.Р.Левина, М.С.Певснер, Р.М.Боскис және т.б. өз жұмыстарында даму процесі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жеке басының өзгеруіне себеп болып қана қоймай, сонымен бірге оның қоғаммен де, адамдардың белгілі бір топтарымен де әлеуметтік байланыстарының бұзылуымен сипатталатын ақаудың салдарымен байланысты деп санады.

А.Г.Маклаков атап өткендей, жүйке-психикалық тұрақтылық, тұлғаның өзін-өзі бағалауы, әлеуметтік қолдау сезімі сияқты жеке психологиялық ерекшеліктерден, әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесі оның бейімделу әлеуетін құрайды.

Психологиядағы тұлға - бұл индивидтің заттық іс-әрекеті және қарым-қатынасты меңгеруі мен индивидтің қоғамдық қатынас сапасын және деңгейін сипаттайтын жүйелі әлеуметтік сапа болып табылады. Тұлғаның бағыты оның интегралды сапасы және бастапқы қасиеттері, білімі, қарым-қатынастың үйлесімділігімен айқындалады, тұлға әрекетінен және негізгі мінез-құлық мотивтерінде көрінеді. Бұндай қасиет адамның дүниетанымында, рухани қажеттіліктерінде және практикалық әрекеттерінде байқалады.

Тұлға - бұл баланың жеке рухани сапаларының, оның сыртқы келбетінің, саналылығының, қызығушылығының, талантының ерекше үйлесімді болуымен ерекшеленеді. Тұлға - адам психикасының ерекшелігі, сапасы, қасиеті, қырларының жиынтығы ретінде ұғынылады. Тұлға – индивидтің қатынастарға түсуі арқылы қоғамда алған ерекше сапалары [5]

Өздеріңіз білетіндей, сапа - бұл нақты бір қажеттіліктерге сәйкес келетін бір нәрсенің сипаттамасы. Тұлғалық сапалар - адамның

мінез-құлқы мен іс-әрекетінде басқаларға және өзіне деген қарым-қатынас арқылы көрінетін тұлғаның психологиялық ерекшелігі мен ол адамның әлеуметтік және табиғи ортадағы тұрақты мінез-құлқын алдын-ала анықтайтын барлық әлеуметтік және биологиялық анықталған компоненттерінің жиынтығы.

Баланың тұлғалық сапалары мінез бітістерімен байланысты:

- баланың өзіне деген көзқарасы - өзін-өзі бағалау, қарапайымдылық; немесе керісінше - менмендік, бос әурешілік, жанашырлық, ұялшақтық, өзімшілдік.

- баланың адамдарға деген көзқарасы - көпшілдік, жауаптылық, сыйластық; немесе керісінше - оқшаулану, ессіздік, жансыздық, дөрекілік.

- баланың еңбекке деген көзқарасы - еңбекқорлық, шығармашылыққа бейімділік, адалдық, жауапкершілік, бастамашылық, табандылық; немесе керісінше - жалқаулық, адалдық, жауапсыздық, пассивтілік.

- баланың айналасындағы заттарға қатынасы – ұқыптылық, үнемділік; немесе керісінше - ұқыпсыздық, немқұрайлылық.

Сонымен қатар, біз балалардың тұлғалық сапаларын жалпыланған түрде төмендегідей түрде қарастырсақ :

- патриотизм (оның ішінде өз Отанына, халқына, азаматтығына деген сүйіспеншілік);

- қызығушылық (білім алуға деген белсенді ұмтылыстың жалпыланған сипаттамасы ретінде);

- жауапкершілік (салауатты және қауіпсіз өмір салты ережелерін, ұйымшылдықты, тәуелсіздікті орындаудағы міндеттілікті қамтиды);

- отбасы мен қоғамның құндылығын құрметтеу және қабылдау (басқа адамдардың пікірлерімен, мүдделерімен санасу мүмкіндігі, толеранттылық);

- ізгі ниет (жоғары адамгершілік қасиет ретінде);

- көпшілдік (коммуникативтілік пен коммуникабельділікті қоса алғанда);

- шығармашылық бағыт (жаңа нәрсе жасауға ұмтылу) [6].

Осы сапаларды қалыптастыру және дамытуымыз, оларды одан әрі оқытудың, оқу тәуелсіздігін қалыптастырудың негізін құруға көмектеседі (адамгершілік бағдарлары, өзін-өзі реттеу негіздері, құрдастарымен және педагогтермен ынтымақтастығы және т.б.).

Қорытынды. Ғылыми деректерді жалпылау негізінде отандық және шетел зерттеулеріндегі ерекше балалардың әлеуметтенуін, тұлғалық сапаларын анықтауға, балалардың даму ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік берді.

Мұндай балалардың басты проблемасы - олардың кішіпейілділікпен байланысы, ұтқырлықты, құрдастарымен және ересектермен байланыстың нашарлығы, табиғатпен қарым-қатынасы, мәдени құндылықтарға, кейде қарапайым білімге қол жеткізуін шектеу. Дамуындағы бұзылыстар шарты түрде әлеуметтік және мәдени кеңістіктен "құлдырауға" итермелейді.

Ерекше балаларды қолдау мақсатындағы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бағытындағы жұмыс - әр қилы жас кезеңін, қоғамның әр түрлі сатысындағы баланың жеке тұлғалық даму ерекшеліктерін ескере келе, барлық әлеуметтік институттармен және тәрбие мен әлеуметтік көмектің барлық субъектілері қатысатын, тәрбиені ұйымдастыратын үздіксіз педагогикалық

үдеріс ретінде қабылдау керек. Ерекше балалардың жеке басын әлеуметтендіру үдерісінің негізі оларды қоғамға интеграциялау жағдайында тиімді болмақ, балаларға қоғамда өмір сүруге қажетті белгілі бір құндылықтар мен жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын игеруге жағдай тудырды меззейді. Негізгі әлеуметтенудің міндеттері қоғам өміріне ену, коммуникативті және әлеуметтік құзыреттілікке қажетті құндылықтар мен жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын меңгеру арқылы тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ықпал етеді. Нақты осы балаларды тәрбиелеу мен оқыту табысты болуы үшін олардың мүмкіншіліктерін дұрыс бағалай алуымыз керек.

Инклюзив әдісі ерекше білімді қажет ететін балалар үшін әртүрлі білім беру қажеттіліктерін түсіну мен қауымдастықты тарту арқылы осы қажеттіліктерге сәйкес қызмет көрсетуді қамтиды. Инклюзия ерекше балалар және әр түрлі білім алу маршруттары бар (психикалық немесе физикалық) дамуында бұзылыстары жоқ балалар мен бірыңғай білім беру кеңістігінің идеяларына сүйенеді. Бұндай балалар яғни, ерекше күтімді, тәрбиелеу кезінде қолдауды, тұлғалық сапаларын қалыптастыруды қажет ететін балалардың нақты тобы десек те болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысына сәйкес бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://ku.edu.kz/files/admission/konceptsiya_razvitiya_shkolnogo_obr_23_29_kaz.pdf
2. Сатынская А.К., Утилова А.М. Профессиограмма педагога инклюзивного образования [Текст] / Сатынская А.К., Утилова А.М. // Вестник КазНПУ имени Абая серия «Педагогические науки», № 1(69), 2021. - С. 73 - 82
3. Маль Г.С. Особенности личности детей с ограниченными возможностями здоровья. Коллекция гуманитарных исследований Электронный научный журнал №2. - 2020 [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.i-chr.com/jour/article/view/127/127>
4. Олешкевич, В.И. Сопровождение и социализация школьников с особенностями психофизического развития в условиях интегрированного обучения [Текст] /В.И. Олешкевич // Дефектология. – 2005. – № 5. – С. 16-25.
5. Бердібаева С.Қ. Тұлға психологиясы. Оқу құралы. - Алматы: Алла прима ЖШС, 2008.-155 б.

6. Ширина О.А. Перечень личностных качеств младших школьников. // Молодой ученый.- 2017.- № 32 (166) – С. 108-112. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://moluch.ru/archive/166/45368/> (дата обращения: 12.02.2024).

Материал поступил в редакцию 16.02.24

Г.Б.Бейсенбекова, А.Т.Нурсейт, Г.Н.Манашова, А.К.Буртибаева
Карагандинский университет имени Е.А.Букетова, г.Караганда, Казахстан

РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТНЫХ КАЧЕСТВ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация. Актуальным вопросом считается образование детей с особыми образовательными потребностями и оказание им психолого-педагогической поддержки в условиях инклюзивного образования в общем образовании. Цель статьи - проанализировать научно-теоретические основы формирования личностных качеств детей в условиях инклюзивного образования. На основе фактических данных принята норма о выполнении государственного заказа на образование детей, нуждающихся в специальной психолого-педагогической поддержке. Однако было подтверждено, что формирование личностных качеств детей данной категории может осуществляться системно в соответствии с правилами государственного образовательного стандарта общего образования. Помимо этого, у таких детей могут возникать временные трудности. Анализируя научные данные, авторы описывают развитие личности детей этого типа и их личностные качества.

Ключевые слова: инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, личность, качество, личностные качества, индивидуальная универсальная учебная деятельность.

G.B.Beisenbekova, A.T.Nurseit, G.N.Manashova, A.K.Burtibayeva
Karaganda University of the name of academician E.A.Buketov, Karaganda, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF PERSONAL QUALITIES OF CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS IN INCLUSIVE EDUCATION

Abstract. A pressing issue is the education of children with special educational needs and the provision of psychological and pedagogical supports to them in the context of inclusive education in general education. The purpose of the article is to analyze the scientific and theoretical foundations of the formation of children's personal qualities in the conditions of inclusive education. Based on factual data, a norm has been adopted on the implementation of the state order for the education of children in need of special psychological and pedagogical support. However, it was confirmed that the formation of personal qualities of children in this category can be carried out systematically in accordance with the rules of the state educational standard of general education. And also those children may experience temporary difficulties. Analyzing scientific data, the authors describe the personality development of children of this type and their personal qualities.

Keywords: inclusive education, children with special educational needs, personality, quality, personal qualities, individual universal educational activities.

References

1. Concept of development of pre-school, secondary, technical and professional education in the Republic of Kazakhstan for the years 2023-2029, approved in accordance with the Resolution No. 249 of the

- Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 [Electronic resource] - Access mode: https://ku.edu.kz/files/admission/koncepciya_razvitiya_shkolnogo_obr_23_29_kaz.pdf. [in Kazakh].
2. Satynskaya, A.K. Professiogramma pedagoga inklyuzivnogo obrazovaniya [Professional profile of a teacher of inclusive education] [Text] / Satynskaya A.K., Utilova A.M. // Bulletin of KazNPU "Pedagogical sciences", No. 1(69), 2021. – p. 73-82. [in Russian].
 3. Mal, GS. Osobnosti lichnosti detej s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya [Personality characteristics of children with health disabilities] Collection of humanitarian studies Electronic scientific journal No. 2. - 2020 [Electronic resource] – Access mode: <https://www.jchr.com/jour/article/view/127/127>. [in Russian].
 4. Oleshkevich, V.I. Soprovozhdenie i socializaciya shkol'nikov s osobennostyami psihofizicheskogo razvitiya v usloviyah integrirovannogo obucheniya [Support and socialization of schoolchildren with special features of psychophysical development in the conditions of integrated training] [Text] / V.I. Oleshkevich // Defectology. - 2005. - No. 5. - p. 16-25. [in Russian].
 5. Berdybaeva S.K. Тұла психологиясы [Personality psychology] Educational tool. - Almaty: Alla prima LLP, 2008.-155 p. [in Kazakh].
 6. Shirina O.A. Perechen' lichnostnyh kachestv mladshih shkol'nikov [A list of personal qualities of junior schoolchildren] // Young scholar.- 2017.- No. 32 (166) - p. 108-112. [Electronic resource] - Access mode: <https://moluch.ru/archive/166/45368/> (access date: 12.02.2024). [in Russian].

Мақалаға сілтеме:

Бейсенбекова, Г.Б. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тұлғалық сапаларын қалыптастыру [Текст] / Г.Б. Бейсенбекова, А.Т. Нұрсейт, Г.Н.Манашова, А.К.Буртибаева // Dulary University Хабаршысы. – 2024. – №1. – Б. 90-96. <https://doi.org/10.55956/YCOL1937>